



## Игілікке айналған идея

Екі күнге созылған «Бір ауыл – бір өнім» өңірлік көрмесі қатысушыларға да, келушілерге де ерекше сезім сыйлады. Облыстың әр түпкірінен келген кәсіпкерлер өз өнімдерін ұсынды, келушілер болса, тауарды тек көріп қана қоймай, қолмен ұстап, дәмін татып, сатып алды. Біреулер үшін бұл – жаңа бастама, ал, кейбіреулерге көрме – жетістіктерін бекемдей түсетін мүмкіндік.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрменің атмосферасы ерекше. Қолдан жасалған ірімшік пен жаңа піскен нанның иісі, киіз бұйымдар мен түрлі пішіндегі сабындар, шеберлердің әңгімелері, шынайы еңбек пен ұлттық құндылық қонақтарды баурап алды. Көптеген кәсіпкерлердің тауарлары түске дейін-ақ сатылып кетті.

Көрмені «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары Тимур Нақыпбеков пен жұмыспен қамту мен палатаның шағын және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту департаментінің директоры Гүлия Жүнісова аралап көріп, қатысушылармен тілдесті.

– «Бір ауыл – бір өнім» – бұл жай ғана көрме емес. Бұл – қозғалыс. Ауыл кәсіпкерлеріне мүмкіндік берілсе, олар үлкен жетістіктерге жете алатынын көрсетіп отыр, – деді Тимур Нақыпбеков.

Кәсіпкерлердің арасында өз ісіне берілген адамдар көп. Қарағандылық Лаура Жанабаева табиғи майлар мен өсімдік тұнбаларынан қолдан сабын жасап алып келді. Осы кезең ішінде ол үй жануарларының тоң майын (жануардың қатты майы) қолдану арқылы жасалған сабын өнімдерінің сапалық артықшылықтарына көз жеткізді. Қолданушылар тарапынан түскен ұсыныстар мен сұраныстарды саралай отырып, ол бұл бағыттағы бизнесті зерттеп, мөңгеріп, нақты жүзеге асыруды мақсат етіп отыр. – Сабын өндірісінде қолданылатын негізгі шикізат – жануардың тоң майы – қайта өңдеу арқылы дайындалады. Бұл өнімнің адам ағзасына зиянсыз әрі пайдалы болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында пайдаға жарамай жатқан шикізат-



ты іске асыру мүмкіндігі туындайды. Осы шикізаттан кәсіпкер балалар мен ересектерге арналған иіс, сұйық, скраб, кір сабын түрлерін, сусабын дайындаймыз. Сонымен қатар, ыдыс жууға арналған сабын, еден жууға арналған құралдар, дақ кетіргіштер, кір жуатын ұнтақтар секілді тұрмыстық химия өнімдерін де шығарамыз. Жобаны қолға алғанда табиғи және экологиялық таза өнім өндіру арқылы халықтың денсаулығын қорғауға үлес қосу және ауылдық жерлерде өндірістік мүмкіндіктерді дамытуды мақсат тұттық, – дейді ол.

Шет ауданынан келген Жанар Қаңтарбаева «Сыр өнімдері» брендімен ірімшік дайындап жүр. Дүкендерде сатсап тұрған моцарелла, фета, халуми, наринэ секілді өнім түрлерінің барлығы табиғи сүттен, санитарлық талаптарды сақтай отырып жасалады. Кәсіпті

ашқанына аз уақыт болса да, жергілікті тұтынушылардан көптеген жақсы пікірлер мен ризашылықтарын алып отыр.

– Күн сайын кемі 15 келі ірімшік сатамын. Арналым – толыққанды цех ашып, Қарағанды, Астана сияқты қалаларға өнім жеткізу, – дейді кәсіпкер.

Көрмеге қатысқан тағы бір ерекше жоба – Любовь Величконың табиғи материалдармен жасалған эпоксидті смола бұйымдары. Суспензиялар, көмір, шөптер мен металл бөлшектерден жасалған әшекейлер мен картиналар көрмеге ерекше көрік берді.

– Мен әр туындым арқылы табиғаттың тірі күшін жеткізім келеді. Шабытты туған жердің топырағы мен гүлдерінен аламын, – дейді шебер.

Любовь Величко – 2000 жылы Қарағанды жоғары гуманитар-

лық колледжін бітірген және 2005 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінде жоғары көркем білім алған суретші. Ол өсімдік тақырыбында өзіндік стиль қалыптастырды. Түрлі бағыттарды көргеннен кейін таңдауын эпоксидті шайырмен жұмысқа бағыттады.

– Эпоксидті смоламен 2012 жылдан бері айналысып келемін, – дейді көрме қатысушысы. – Осы бағытта дизайнерлердің бірқатар байқауына қатысып, бірінші және екінші орындарды жеңіп алдым. Сурет өнерін эпоксидті шайыр мен алкогольді сиялардың мүмкіндіктерімен үйлестіре отыра өзімнің қайталанбас қолтаңбамды қалыптастырдым деп айта аламын.

Оның шығармалары Art Start және «Художники в массы» жобаларында қойылды. Сондай-ақ,

қалалық және халықаралық суретшілер байқауларында бірнеше марапаттарға ие болды. Өнерін кәсібіне айналдырып, сол арқылы адамдарды шабыттандырып жүр.

Adal Sauda Company компаниясы ALAQAI брендімен табиғи ет пен сүзбедеп жасалған жартылай дайын өнімдерді ұсынды. Өнім «Халал» сертификатына ие және шикізат жергілікті ауыл тұрғындарынан алынады. Қазақстан Діни басқармасының қолдауымен «Халал» өнім сертификатын алған. Қазіргі таңда ауылдың сегіз тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Оның төртеуі жұмыспен қамту орталығы арқылы «Құміс жас» мемлекеттік бағдарлама бойынша жұмысқа қабылданған.

Долинка кентінің тұрғыны Алтынбек Аманжолұлының кәсібі өзгеше. Ол – табиғи және гипоаллергенді материалдардан жа-



салған ортопедиялық матрастар өндірісімен айналысып, сапалы ұйқы мәдениетін қалыптастыруды мақсат еткен жергілікті кәсіпкер.

Ол жетекшілік ететін өндірісте ортопедиялық матрастар шығарылады. Басты ерекшелігі – табиғи және гипоаллергенді материалдарды қолдану арқылы адам денсаулығына зиянсыз, ұзақ қызмет ететін өнім ұсыну.

– Өндірісте қолданылатын қоспалар табиғи қаттылық пен ауа өткізгіштікті қамтамасыз етеді. Табиғи серпімділік беретін латекс, сонымен бірге, пенополиуретан, термоқабатталған жүн, тәуелсіз серіппелі блокты пайдаланамыз. Барлық өнім – отандық өндірістен. Келешекте жастықтар мен төсеніштер шығарып, онлайн сатуды дамытқымыз келеді, – дейді Алтынбек Аманжолұлы.

Көрмеге одан бөлек қолөнер бұйымдары, ертоқым, биоғұмус, табиғи шамдар, ет өнімдері, нан-тоқаштар, киіз ойыншықтар, кондитерлік тағамдар мен шұжықтар ұсынылды. Көрме соңында үздік он жоба өңірлік бренд комитетіне жолданып, үшеуі республикалық деңгейде таныстырылатын болды.

– Ауыл тек еңбекпен емес, идеямен де мықты екенін дәлелдеді, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

«Бір ауыл – бір өнім» – өзін-өзі жұмыспен қамту, отандық брендтер мен ауыл кәсіпкерлерінің ерекше жобасы. Бұл – әр ауылдың өз өнімін мақтанышымен көрсете алатын алаңы. Қарағандыдағы бағдарлама өзін-өзі жұмыспен қамту, жергілікті брендтер мен жетістік тарихтарының мерекесіне айналды. Бұл көрме әр ауылдың өз өнімі, өз энергиясы және мақтанышы бар екенін дәлелдеді. Ең бастысы – уақытында қолдау көрсету және сену.

Суреттер облыс  
әкімдігінің сайтынан

### • ТҰЛҒА

## Қаһарман «Қаһарманмын!» дей алмайды...

БАҚ қызметкерлері күніне орай қазақ журналистикасының ардагері Қайнар Олжай белгілі «Aga media» арнасына сұхбат берді. Қаламы қарымды журналист сұхбатта ұстазы, қазақ журналистикасының қара нары Нұрмахан Оразбеков турасында айтыпты. Жақсының жақсылығы айтылса, қуанамыз. Қайнар Олжайдың ұстазы турасында айтқан сөзін газет бетіне басуды жөн көрдік.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Нұрмахан Оразбеков ұстазым болды. Ол кісіден көп нәрсені үйрендім. Курстық жұмысымның жетекшісі де болды. Өте керемет аудармашы еді. Материалдарды сол қалпында аударатын. ҚазТАГ-тың басшысы болып тұрғанда барып тұратынмын. Бірде Дінмұхамед Қонаевтың жастар туралы оқыған баяндамасын тәржімалады. Екі теруші терді мәтінді. Міне, материалдың үлкендігі осындай. Біреуі шаршаса, екіншісі алмастырады. А2 форматында екі бетке басу керек болды. Нұрмахан



марқұм түске дейін екі жарым сағат, түстен кейін екі жарым сағат отырып, аударып тастады. Қолына бір рет қалам ұстаған жоқ. Сөзбе-сөз, ауызша тәржімалады. Қате де көп болған жоқ. Міне, Нұрмахан марқұм осындай еді.

Әр сөзді орнымен қолдануды Нұрмахан ағадан үйрендім. Нұрмахан ағаның бір ерлігін айтайын. 1991 жылы Кеңес үкіметінің шаңырағы шайқалып, бұл тұрасында газет беттеріне материалдар жарияланып жатты. «Михаил Горбачев ауырып қалды. Денсаулығына байланысты өз міндетін атқара алмайды» деген сыңайда радиодан мәлімдемелер жасалды. Сол кезде «Орталық Қазақстан» газетіне Нұрмахан Оразбеков «Иә, бұл – төңкеріс!» деген мақаласын басты. Мұндай материалды жариялау – зор жауапкершілікті, батылдықты талап етеді. Осы ерлігі үшін Нұрмахан Оразбековке Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағын беру керек еді. Президент болмаймын. Бірақ, президент болсам, Нұрмахан ағаның ерлігін халыққа айтып, оған Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағын беруді алғаш болып ұсынар едім. Халықтың көпшілігі қолдағанына сенемін, – деді Қайнар Олжай.

### • БӘРЕКЕЛДІ!

## Жас дарынның жарқын жеңісі

Қазақстандық оқушылар Солтүстік Македониядағы Балқан математикалық олимпиадасында танымал болды. Беделді халықаралық жарыста ел құрамасы зияткерлік доғаға қатысу тарихында ең үздік нәтижені көрсетіп, екінші орынды иеленді. Қоржында – төрт алтын, бір күміс және бір қола.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы табысқа қарағандылық №1 «Білім-инновация» облыстық лицей-интернатының 9 сынып оқушысы Мирас Кеңесбек үлес қосты.

Дарынды оқушы табандылық пен еңбектің жемісін беретінін дәлелдеді. Мирас Кеңесбек қола медаль жеңіп алды.

Бұл оның алғашқы жетістігі емес. Биыл Мирас география мен математикадан республи-

калық олимпиадада үздіктердің қатарына енді.

Балқан жасөспірімдер арасындағы математика олимпиадасы (JBMO) 1997 жылдан бері өткізіліп келеді және 16 жасқа дейінгі оқушылар үшін ең күрделі жарыстардың бірі болып саналады. Қазақстан JBMO-ға 2004 жылдан бері қатысып келеді және тұрақты түрде көшбасшылар үштігіне кіреді.

# Цифрлық теңсіздік жойылады

Қазіргі заманғы қоғамда интернет тек ақпарат алу құралы емес, ол өмірдің барлық саласын, ең алдымен, білім мен денсаулық сақтау, кәсіпкерлік пен байланыс жүйелерін өзгертіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Президент тапсырмасымен басталған «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы – елдің шалғай ауылдарын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Қарағанды облысының шалғай ауылдарында тұратын миллиондаған адамның тағдыры да осы цифрлық әлеммен байланысты. Әр ауылдың әр үйінде, әр адамда интернетке қол жеткізу – байланысқа қосылу ғана емес, жаңа білімге, жаңа мүмкіндіктерге, жаңа өмір сапасына қадам жасау. Осылайша, «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы арқылы облыс тұрғындары цифрлық әлеммен танысып, жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуде. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий егжей-тегжейлі айтып берді.



**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

колдаудың арқасында бұл жағдайды түзетуге болатындығы дәлелденуде.

**Мәселелер мен мүмкіндіктер**

Интернетке қолжетімділік – әлеуметтік, экономикалық және мәдени даму көрсеткіші. Қазақстанның шалғай ауылдарында интернеттің болмауы немесе төмен сападағы байланыс халықтың өмір сүру деңгейіне, білім алуына, жұмыс мүмкіндіктеріне және жалпы жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Қарағанды облысы бұл мәселелерді шешу үшін ауқымды жоспарларды қолға алып, ауыл тұрғындарын цифрлық әлеммен байланыстыруға ұмтылуда.

– Облыстың 342 ауылдық елдімекенінің 248-і қазіргі таңда интернетке қосылған. Алайда, бұл көрсеткіш аймақтың толық цифрландыру қажеттілігінен толық қамтыды деген сөз емес. Атап айтсақ, интернетке қолжетімділіктің деңгейі әр түрлі. 144 ауыл тек сымды интернетпен, ал, 206 ауыл мобильді интернетпен қамтылған. Бірақ, облыс бойынша интернетке қосылмаған 94 ауыл бар, оның 20-сы тек 2G желісімен шектелген. Бұл, өз кезегінде, ауыл тұрғындарына көптеген мүмкіндіктерден, әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік қызметтер алу тұрғысынан айтарлықтай қиындықтар тудыратынын атап өткен жөн, – деді Константин Павлович.

Интернетке қол жеткізе алмайтын ауылдардың көбі қашық орналасқан немесе адам саны аз аймақтар екенін атап айту керек. Сондықтан, байланыс желілерін тарту экономикалық тұрғыдан тиімді болмайды деп есептеледі. Бірақ, қазіргі заманғы технологиялар мен мемлекеттік

**Елдімекендерге интернеттің қолжетімділігі**

Елімізде ауылдарды цифрландырудың маңызды бөлігі ретінде «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы бастау алды. Бұл жоба аясында ауылдарға жоғары жылдамдықты интернет жеткізу, олардың дамуына жаңа серпін беру мақсатында бірнеше негізгі шаралар жүзеге асырылмақ. Осы жоба арқылы жыл соңына дейін облыстың 336 ауылында интернетке қол жеткізу қамтамасыз етілмек. Бұл шамамен 204 мың тұрғынның өмір сапасын арттырады.

Дерекке сүйенсек, «Қолжетімді интернет» жобасы аясында ауылдарға интернеттің соңғы үлгідегі қосылу желісі тартылады. Бұл технология арқылы байланыс желісі әрбір үйге жеткізілмек. 2027 жылға дейін облыстың 97 ауылына интернет тартылып, 151 мың адам интернет қосылады. Бұл, әсіресе, Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра және Шет сияқты аудандардың тұрғындары үшін өте маңызды. Көптеген ауылдарда тұрғындардың аздығы және әлеуметтік нысандардың жоқтығы байланыстың тартылуына кедергі болғанымен, мемлекет операторларға субсидиялар бере отырып, бұл мәселені шешуге бағытталған шараларды қолға алуда.

Сала мамандары жоғары жылдамдықты интернеттің дамуы үшін ТӨБЖ (талшықты-оптикалық байланыс желілері) технологиясы ауылдық жерлерде кеңінен енгізіліп жатқанын айтады. 179 ауылға ТӨБЖ желісі тартылып,



**Түйін**

Облыс аумағындағы ауылдарды интернетпен қамту – технологиялық жетістік ғана емес, бұл ауыл тұрғындарына жаңа мүмкіндіктер ұсынатын әлеуметтік және экономикалық жаңғырудың символы. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы еліміздің барлық ауылдарына бірдей мүмкіндіктер ұсынуды көздейді. Бұл бастама ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға, білім мен денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және ауылдық аймақтардағы кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта интернетке қолжетімділік тек қалалар үшін емес, ауылдар үшін де маңызды факторға айналуда. Интернет – ауылдық аймақтарды цифрландыру мен жаңғырту жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Осының арқасында ауыл тұрғындары да қала тұрғындарымен тең дәрежеде білім ала алады, жұмыс істей алады және дамып, әлемнің цифрлық кеңістігіне қосылады.

Аппарат жиыны барысында Теміртау қаласында ONAY жүйесі жұмыс істемей тұрғандығы, Ақтау ауылында интернеттің баяулығы айтылды. Сонымен қатар, Балқаш қаласы маңындағы Тораңғылық, Шұбартүбек демалыс орындары аумағында интернет желісінің дұрыс жұмыс істемей тұрғанына туристер шағымданып, да тілге тиек етілді. Одан бөлек, Бұқар жырау ауданы Заречный ауылында интернет желісі жұмыс істемейтіні мәлімденді. Басқарма басшысы бұл бағытта кемшілікті жою үшін жұмыстар атқарылып жатқанын мәлімдеді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев облыс аумағын тұтас қолжетімді интернетпен қамту жұмысының барысын және жоғарыда аталған кемшіліктерді хаттамаға тіркеп, орындалуын басшылыққа алуды мұқият тапсырды.

• РЕСМИ

## Қаржылық тәртіптің тірегі

Қазақстан Республикасындағы бюджетті қазынашылық атқару жүйесі – мемлекеттік қаржылық басқарудың маңызды бөлігі. Бюджет қаражатының қозғалысын ашық, жедел және бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда, биылғы жылғы 15 наурызда жанадан қабылданған Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және «2025 қаржы жылына арналған бюджетті атқару және оған қасалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 272 бұйрығында мемлекеттік қазынашылық жүйесінің маңыздылығының артуын атап өтуі қажет. Осы жүйе аясында облыстың қазынашылық департаменті өңір аумағында мемлекеттік бюджетті атқару рәсімдерін ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша негізгі функцияларды атқарады.

Бюджеттің қазынашылық атқарылуы – бюджет ресурстарын орталақтандырылған басқару жүйесі, оның аясында қаржылық жоспарларын жүктеу, азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу, бюджетке түсімдердің есебі, қасалық шығыстар жүзеге асыру, бухгалтерлік және жедел есеп жүргізу, белгіленген мерзімде қаржылық есептілікті ұсыну қызметтерін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында бюджетті атқару функциялары Қаржы министрілігінің Қазынашылық комитеті мен оның аумақтық органдарына, соның ішінде Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментіне жүктелген.

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша департамент пен оның аумақтық органдары 971 ұйымға қызмет көрсетеді. Олардың ішінде, 859 мемлекеттік мекеме, оның құрамына республикалық және облыстық құрылымдар, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар кіреді. Сонымен қатар, қазынашылық қызмет көрсету 15 квазимемлекеттік сектор субъектісіне, 87 мердігер ұйымға және қаржылық әй бейқаржылық қолдау көрсететін 10 оператор жүзеге асырады.

Қаржылық құжат айналымының көлемі өте ауқымды. Тек, 2025 жылдың 5 айында департамент пен оның аумақтық органдарына 310 874 қаржылық құжат келіп түсіп, бюджет нормаларының талаптарына сай 298 567 құжат тексеріліп орындалған.

Биылғы 5 айдың нәтижесі бойынша департамент пен оның аумақтық органдарына түсімдер, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық және жеке жоспарына өзгерістер енгізуге келіп түскен 17 603 анықтамалардың, 13488 орындалып, 4115

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

## Жастардың мерейі үстем

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Қазақстанның жастары айрықша түсінуге тиіс маңызды бағыттарды атады. «Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар елді алға бастайды, болашақтың кілті цифрлық технология мен инновацияда. Сондықтан, бірнеше тіл біліп, түрлі кәсіп игеру жастардың қолынан келеді.

Екіншіден, жастар алды еңбекті бағалап, рухы биік, санасы сергек болуға тиіс. Жаңа заманның жақсы қасиеттерін бойға сіңіре отырып, жаһанданудың жағымсыз әсерлерін де естен шығармау керек» деген болатын. Президент мемлекеттік мүдде бәрінен биік тұруы керек екенін айта келіп, әрбір жасты ана тілін, ата дәстүрін, төл тарихын білуге үнөдді.

Қарағанды облысында өңір басшысы мен жергілікті әкімдердің гранттары жастар кәсіпкерлігін дамытуға септігін тигізуде. Қолдау стартаптарды іске асыруға да, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге де жұмсалуда.





**Аяулым COBET,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылы Осакаров ауданында 10 жас кәсіпкер грант алды. Бүгінде олар сүт өнімдерін өндіруден бастап, коқыс шығаруды ұйымдастыруға дейінгі түрлі бағыттардағы жобаларды іске асыруда. Гранттық қаражатқа ауылдық жерлерде ателье, сұлулық салондары, батут орталықтары және басқа да бағыттарды қамтитын орталықтар ашылады. Биылғы маусымда Осакаров ауданы әкімінің грантына өтінімдер қабылдау басталды. Байқауға 18-35 жас аралығындағы жастар қатысады.

Өткен жылғы байқау жеңімпаздарының бірі – Есіл ауылының тұрғыны Влада Крюковская күйеуімен бірге құс өсірумен айналысқан.

– Гранттар – әсіресе, ауыл үшін үлкен қолдау. Егер идея болса, оны жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Осы орайда өтінішім мақұлданып, жобаны жүзеге асыруға миллион теңге алдым. Бұл ақшаға 1500 жұмыртқаға арналған инкубатор сатып алдым. Сәуір айында балапандар шығып, бірден сатылып кетті. Ісім сәтті жүзеге асты. Жалпы құс шаруашылығын жүргізу үшін жұмыртқа инкубаторы аса қажет. Өнеркәсіптік және тұрмыстық бұйымдар, көлемі бойынша ерекшеленді, автоматтандыру және басқа да дизайн ерекшеліктері бар. Сәтті үлгіні таңдау үшін осы құрылғының жұмыс істеу принципін біліп, асыл тұқымдастыру процесіне әсер ететін негізгі параметрлерді зерттеу керек.

Бұрын жұмыртқаға жақсы инкубатор алу қиынға

соқса, адамдар көбік пластиктен, фанерадан, ескі тоңазытқыштардан және басқа материалдардан үй құрылғыларын жасауға мәжбүр болды. Қазір дүкендер отандық және шетелдік өндірістің осы түріне арналған жабдықтармен толық, – дейді Влада Крюковская.

Кәсіпкердің айтуынша, тірі балапандарға, бройлер етіне де үнемі тапсырыс түседі. Алдағы уақытта өндірісті кеңейтуді жоспарлады.

Трудовое ауылының тұрғыны Фариза Өміржанқызы білімі бойынша педагог, бірнеше жыл бұрын оқушыларға көрнекі әдістемелік құралдар жасай бастады.

Бәрі қазақ тілі сабақтарына арналған қарапайым карточкалардан басталған. Қазір ауылдық шеберханаға Қазақстанның түпкір-түпкірінен мектептер мен балабақшалар стендтер, дамыту материалдарын алуға тапсырыс береді.

– Грант алып, фрезерлік станок сатып алып, жаңа деңгейге көтерілдім. Бұрын бәрін қолмен жасайтынмын. Қазіргі таңда үлкен көлемде және көп мөлшерде үлгілер жасаймыз. Қазірдің өзінде толықтай сыныптарды ресімдеуге тапсырыстар түсуде, – дейді Фариза Өміржанқызы.

Жас кәсіпкер әлеуметтік бағдарламаларға да қатысады. Оның шеберханасында «Күміс ғасыр» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасқан қызметкерлер жұмыс істейді. Қазір ол «Алтын жас» жобасына қатысуға үміткер іздеуде.

Суреттер облыс әкімдігі сайтынан

**А.КӘРІБАЕВ,**  
**Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті басшысының орынбасары**


## Журналистердің көшбасшысы еді...

Володя Рыжковты көптен білуші едік. Қарағанды облысын-да әуелі одақтық «Комсомольская правда», одан кейін елдің бас газеті болып есептелетін «Правданың» меншікті тілшісі болды. Содан егемендік алып, заман өзгерген тұста «Правда» жабылып қалып, шығармашылығы кемел шақта ұсақ-түйек коммерциямен айналыса бастады. Биыл, жыл басында 75-ке толуына байланысты облыстық «Индустриальная Караганда» газетіне жазған естелік мақаламда осыны еске алып, қазақтың «Алтын кездік қын түбінде жатпайды» деген мақалын келтірген едім. Шынында да, ол көп ұзамай республикамыздың орыс тіліндегі бас газеті – «Қазақстанская правданың» Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі болып бекітілді. Меншікті тілшілікке өзінің отыз жылдан астам өмірін арнап, Қарағанды облысын тегіс шарлап, тәжірибелі қаламгер ретінде онымен көршілес солтүстік облыстарды да қамтыған кезі болған. Орталық Қазақстанда ол аяқ баспаған совхоз бен аудан, ірі өндіріс ошағы сірә да жоқ шығар. Жетістіктерін жария етіп, кемшіліктерін бетке басып дегендей, облыс өмірін жан-жақты көрсете білді. Әсіресе, ол өлкеміздің адамдарын, тіпті, ол лауазымды басшы, қатардағы еңбек адамы болсын жақсы білетін. Жасым үлкен болса да, одан ақыл-кеңес алып тұруға арланбайтынмын.

2006 жылы сол кездегі облыс әкімі оны «Индустриалканың» бас редакторы етіп тағайында-

ды. Бір ғимаратта жұмыс істеп, ара-қатынасымыз одан сайын нығая түсті. Бас редакторға қалыптасқан тәжірибеге сәйкес Журналистер одағы облыстық бөлімшесін басқару жүктелді. Қоғамдық ұйымның мүшелік жарнадан басқа қаржысы жоқ. Владимир Иванович болса демешушілер тауып, бізді жұмылдырып, әйтеуір, Журналистер одағының жұмысын жандандырып жіберді. Түрлі байқаулар жариялап, жүлделер тағайындап, одақ пен редакциялардың, әкімдіктің мақтау қағаздарын жаудырып жіберді. Онымен қоймай, облыс басшысымен келісіп, қазіргі аса танымал «Алтын сұңқар» сыйлығының негізін қаласты. Басында 200 мың теңге болып белгіленген жүлде қыза-қыза келе миллионға жетті, ал, арнайы сыйлық екі миллионға барды. Журналистер үшін бұл бұрын құлақ естіп, көз көрмеген қаржылай табыс еді. Бір сөзбен айтқанда, журналистердің лайықты көшбасшысы бола білді.

Владимир Иванович тұрмыста қарапайым, мәдениетті азамат, қарамағындағы қаламгерлермен өзін тең ұстап, үнемі жайдары қалпынан бір айнымайтын. Өмірлік серігі Наталья Ивановна да журналист болғандықтан бұл отбасында шығармашылық ахуал қалыптасқандығы таңсық емес. Өмірінің соңғы кезеңінде әдеби шығармашылықпен айналысып, бірнеше кітабы жарық көрді. Бұл да болса, жас қаламгерлерге үлгі-өнеге. Балалары әкешесінің абырой-даңқын пайдаланып



емес, өз қарым-қабілеттерімен ер жетіп, өмірден өз орындарын тапты. Тіпті, мәдениеттілігі мен ізеттілігіне қарап, батыстың үлгісімен емес, қазаки тәрбие алды ма деп қаласың.

Осындай тамаша азаматтың өмірі қазіргі мөлшермен алғанда ерте қиылуы өкінішті-

ақ. Оның өмір жолы журналистердің бүгінгі толқынына өнеге болары сөзсіз. Қош, айтулы азамат, қимас дос, қаламы қарымды әріптес!

**Аман ЖАНҒОЖИН,**  
**әріптесі, Қазақстанның құрметті журналисі.**

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингі ұжымы 1997-2006 жылдары «Қазақстанская правда» республикалық газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі, Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды филиалының төрағасы, 2006-2019 жылдары Қарағанды облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы болған Қазақстан Журналистер Конгресінің мүшесі

**Владимир Иванович РЫЖКОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

### Владимир Иванович РЫЖКОВ

Ұзақ жылдар бойы адал, шексіз адамгершілігі мол, журналистиканың синонимі болған Рыжков Владимир Иванович өмірден өтті.

Ол осы мамандыққа адамдармен шынайы, ашық қарым-қатынас жасау арманымен келіп, қызметінің соңғы күніне дейін оған адал болды. Владимир Иванович еңбек жолын «Степной маяк» газетінде әдеби қызметкер болып бастап, «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы болды, республикалық және одақтық үздік басылымдарда қызмет етті. Оның материалдары әрқашан нақтылығымен, адамгершілік өзегімен және оқырманға деген шынайы құрметімен ерекшеленді.

Ол қаламгер ғана емес, ізгі ақыл-кеңесін беріп, қолдауын аямайтын дана тәлімгер болды. Әріптестері оны парасатты, жүрегі ашық, қамқор мінезді адам ретінде еске сақтайды.

Владимир Ивановичтің 2015 жылы жарық көрген «От вашего собора» атты кітабы оның зор шынайы, шыншыл, жарқын журналистік тағдырының өзіндік түйіні болды.

Отбасы мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамыз. Мәнін көріп, уақытын сезініп, ең маңызды нәрселерді ақиқаттың қарапайым тілімен айта білген адамның жарқын есімі әрдайым есте сақталады.

**Е.К.БӨЛЕКПАЕВ, Н.С.КОБЖАНОВ, Ә.Ұ.ӘЛДЕНЕЙ, Р.О.ОМАРБЕКОВА, Б.К.АЛТЫНБЕКОВ, Н.Р.БЫКЕНОВ, Ж.М.САДЫҚАНОВ**



Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы 1997-2006 жылдары «Қазақстанская правда» республикалық газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі, 2006-2019 жылдары Қарағанды облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы болған Қазақстан Журналистер Конгресінің мүшесі

**Владимир Иванович РЫЖКОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

«SARYARQA» телеарнасының ұжымы 1997-2006 жылдары «Қазақстанская правда» республикалық газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі, 2006-2019 жылдары Қарағанды облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы болған Қазақстан Журналистер Конгресінің мүшесі

**Владимир Иванович РЫЖКОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

#### • ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

## Тіл – тәрбие құралы

Өздеріңізге белгілі, қазақ халқы үшін тәрбие мен тіл – егіз ұғым. Әлбетте, тіл жоғалса, тәрбиенің де мәні жоғалады. Бүгінде жастандану үдерісі ұлттық болысымызға зор сын болып отырғаны да көпшілігімізге мәлім. Жастардың көбі ана тілінде еркін сөйлей алмайды.

Қазақтың қасиетті сөзі – аманат, өсиет, бата. Өкінішке қарай, қазіргі кезде мақал-мәтелдер былай тұрсын, сөздің төркінін, түп мағынасын түсіне алмайтын, өз ойын өзгеге түсіндіре алмайтын

жастарымыз жетерлік. Мен өз ата-бабамның осы дана сөздерінен рух алып, мактан тұтамын.

Ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу – барша қазақтың міндеті. Әркімнің әрекетін аңду

емес, керісінше, әр адам өзге үшін емес, өзі үшін, өзгеден емес өзінен бастауы қажет. Өйткені, ана тілін ардақтап, ертегі айтып, бесік жырына тербеліп өскен бала ертен саналы, намысты азамат болып

шығады. Тіпті, тілі енді шыққан бүлдіршіндерге жастарымызға басқа тілді мультфильмдерді көрсетіп, орыс балабақшасына беруді жана талапқа сай қалыптасып жатқан қоғамда дағдыға айналдыру ағаттық. Өзіне керек кезде ғана – «қазақпыз!» деп бос кеуде қағып, ал, күнделікті өмірде кім екенін ұмытатындар аз емес. Өзге

тілді білу – әрине, заман талабы. Дегенмен, ана тілден алшақтау – абырой опермейді.

Сондықтан, ана тілде сөйлеуді өзгелерден күтпей, ең алдымен, өз отбасымыздан бастаған жөн.

**Айзере ИБРАЕВА,**  
**Бауыржан Момышұлы атындағы ЖББОМ 11-сынып оқушысы**



Электрондық  
пошта:  
ortalyk.kaz  
@mail.ru

#### • ДІН-ДІҢГЕК

## Қауіпсіз және бейбіт әлем құру жолында

Қарағанды қаласында «Адал азамат – белсенді қоғам» азаматтық орталығының алаңында радикалдану, экстремизм және терроризмнің алдын алуға бағытталған үкіметтік емес ұйымдар консорциумының «Цифрлық трансформация және гибридік қатерлер жағдайында жастардың радикалдануының алдын алудың заманауи тәсілдері» тақырыбындағы кездесуі өтті.

Кездесуге радикализм мен экстремизмнің алдын алу саласында жұмыс істейтін ҰЕҰ өкілдері мен мүдделі этномәдени және басқа да қоғамдық ұйымдар қатысты.

Іс-шараны Қарағанды облыстық Діни бірлестіктер клубының қолдауымен «Контртеррористік комитет» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Кездесу барысында азаматтардың антитеррористік санасы мен ойлау жүйесін қалыптастырудың өзекті тәсілдері, қазіргі заманғы сын-қатерлерді ескере отырып, жастар арасындағы идеологиялық зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары қарастырылды. Оларға радикалды идеялардың әлеуметтік желілер арқылы таралуы, жалдау (вербовка) үшін меметика мен ойын платформаларын қолдану, сондай-ақ, жасөспірімдер арасындағы үрей мен окшауланудың күшеюі,

тұрақты үлгі тұтар тұлғалардың жетіспеушілігі жатады. Қатысушыларға Консорциум шеңберінде әзірленген тәжірибелік құралдар: педагогтер мен ҰЕҰ-ға арналған әдістемелік ұсыныстар, жадынамалар мен чек-парақтар, сондай-ақ, азаматтарды ерте әрекет ету жүйесіне тартуға арналған пилоттық жобалар ұсынылды. Зорлық-зомбылық туралы қысымсыз әңгіме жүргізу, стигматизацияға жол бермеу, профилактикалық жұмысты формалдылық емес, саналы орта қалыптастырудың тұрақты процесі ретінде ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Адамзатқа төнген қазіргі қауіптерге қарсы іс-қимыл мәселесінің маңызын қазіргі кезеңде асыра айту қиын. Техникалық прогресс қарқынының артуымен қатар, сыни жағдайға тап болуы мүмкін жеке азаматтар мен тұтас мемлекеттердің осалдығы да өсуде. Технологиялық жетістіктер мол мүмкіндіктермен қатар, бізге бетпе-бет ұшырасатын жаңа сын-қатерлерді де алып келеді.

Сонымен қатар, террордің түрлері мен әдістері барған сайын күрделеніп, күтпеген сипатқа ие болады. Мәселен, 5-7 жыл бұрын ғана автомобильді жаппай адам өлтіру құралы ретінде елестету қиын еді немесе жанкештілерді кенсесен шықпай-ақ, мүмкін

болатын құрбан үшін «қажетті» сөздерді теріп отырғызу арқылы жалдау (вербовка) жасау мүмкін емес көрінетін. Бұл өзгерістер бізден жаңа бейімделу жолдары мен қарсы іс-қимыл стратегияларын әзірлеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасы үшін бұл мәселе аса маңызды. Өйткені азаматтардың қауіпсіздігі мен елдің тұрақтылығы терроризм мен экстремизмге қарсы күрес шараларының тиімділігіне тікелей байланысты. Қазақстанның емес, саналы орта қалыптастырудың тұрақты процесі ретінде ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Жалпы әлемдік ауқымда терроризм мен экстремизмге қарсы күрес жаһандық қауымдастық үшін басты міндеттердің бірі болып қала береді. Халықаралық ынтымақтастық пен күш-жігерді үйлестіру – Жер шарындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты. Қазақстан осы қауымдастықтың бір бөлігі ретінде қауіпсіз әрі бейбіт әлем құру ісіне өз үлесін қосып келеді.

**Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,**  
**«Қазақстан терроризмге қарсы комитет»**  
**Қарағанды облыстық филиалының жетекшісі**

## Татулық пен тұрақтылық жолында бірге

Қазақстан бүкіл әлемде терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алуға және жолын кесуге бағытталған бастамаларды ілгерілету ісінде белсенді және бастамашыл елдердің қатарында. Мұндай бастамалар ұсынылатын негізгі және жалпыға танылған алаңдардың бірі – Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбері. Онда еліміз жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға және терроризм мен экстремизмге қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты арттыруға бағытталған бірқатар жобалар мен ұсыныстарын жария етіп келеді.

Сонымен қатар, Қазақстан ТМД-ның Терроризмге қарсы орталығы (ТМД ТҚО) және Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы (ШЫҰ ӨТҚК) сияқты арнайы құрылымдармен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Бұл алаңдар аймақтағы және әлемдегі террорлық қатерлерге қарсы күш-жігерді үйлестіруде маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ, Қазақстан ЕҚЫҰ, ҰҚШҰ және АӨСШК сияқты бірқатар халықаралық және өңірлік ұйымдардың жұмысына да белсене қатысады. Бұл ұйымдарда еліміз халықаралық терроризм мен күш қолдануға негізделген экстремизмге қарсы ұжымдық күш-жігерді жандандыру жолын-

да жетекші орындардың бірін иеленіп отыр. Біз халықаралық ынтымақтастықты, озық тәжірибе мен ақпарат алмасуды нығайтуға, сондай-ақ осындай қатерлермен күрес тиімділігін арттыруға бағытталған бірлескен іс-шаралар мен жаттығулар өткізуге ұмтыламыз.

– Облыс аумағында 15 конфессияны білдіретін 285 діни бірлестік пен олардың филиалдары жұмыс істейді (мұсылмандар – 132, православтар – 23, католиктер – 16, протестанттар – 110, иудисттер – 2, бөйдәстүрлі – 2 (Кушина санасы қоғамы мен «Бахаи» қоғамы). Бұл ұйымдар ҚР қолданыстағы діни заңнамасы аясында қызмет атқарады. Облыстағы 15 конфессияның 14-і өзара пікір алмасуға, кездесу өткізіп, түрлі мәселелерді шешуге арнайы құрылымдармен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Бұл алаңдар аймақтағы және әлемдегі террорлық қатерлерге қарсы күш-жігерді үйлестіруде маңызды рөл атқарады.

– «Диалог болмаған жерде – келіспеушілік пен түсінбеушілік пайда болады», – дейді Президентіміз. Ал, бізге қажет диалог осы клуб аясында өрбіп отыр. Ол конфессияаралық деңгейде де, мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл ден-

гейінде де жүргізіледі. Қарағанды облысының Діни бірлестіктер клубы аймақта бес жылдан бері жұмыс істеп келеді. Оның басты мақсаты – қазақстандық конфессияаралық келісім үлгісін ілгерілету. Клуб мүшелерінің кездесулері дін өкілдерінің бір-бірімен және мемлекеттік органдармен, түрлі құрылымдармен тиімді байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

Клуб мүшелері түрлі ақпараттық-ағартушылық шараларға, пікірталастарға, подкасттарға, телешоуларға қатысады. Кездесулердің тақырыптары моральдық-этикалық нормалар, отбасылық құндылықтар және өскелең ұрпақты тәрбиелеу секілді этикалық сипаттағы өзекті мәселелерді қамтиды.

Клубтың барлық мүшелері – өз жолымен жүріп келе жатқан, өз конфессиялық дәстүрлеріне адал тұлғалар. Дегенмен, сыйластық пен өзара көмек – сенімнің рухани негізі ретінде – Бір Ұлт және Жоғары Қызмет аясындағы бірліктің өзегі. Бұл – қоғамдағы үйлесім мен тұрақтылықты сақтауға қосылған нақты үлес.

**Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,**  
**Қарағанды облысының Діни бірлестіктер клубының модераторы**

## • ӨНЕР ӨРІСІ

## Мүсіндер «сөйледі»

Облыс шеберлері халықаралық фестивалде қымыз сапырып отырған әжейдің үш метрлік мүсінін жасады.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шымкентте өткен халықаралық ағаш кесу фестиваліне Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Монғолия, Ресей және Беларусь елдерінің шеберлері қатысты. Қарағанды облысының «Сарыарқа-Қаракесек» дуэті қорғады. Олар ұлттық стильде үш метрлік мүсін жасап, тұтас балқарағай ағашынан қымыз сапырып отырған қарт әйел бейнесін жасады.

– Біз ағаш оюмен бұрыннан айналысамыз. Бірақ бұған дейін тек ұсақ нәрселер болатын. Ауқымды жұмысқа алғаш рет 2024 жылы, Алтайдағы фестивалде кірістік. Біздің команда сол жерде құрылды. Бұған дейін тек кескіндеме фестиваліне қатысқан едік. Қыста мұздан кескіндер жасаймыз. Кейде бізге бетоннан жасалған

шағын пішіндерге тапсырыс түседі, – деді Еркін Темірғалиев.

Бұл жолы қымыз – ұлттық сусынды күбде сапырып отырған қарт әйелдің бейнесін таңдау туралы шешім қабылдаған. Басты идея – қазақтың қонақжайлылық дәстүрлерін көрсету. Ұлттық ою-өрнектер де ұмыт қалмады, оларды кимешек пен күбіге ойып жасаған. Саусаққа әшекей ірі сақина қосылды.

Ұйымдастырушылар мен басқа да суретшілер Шахтинск шеберлерінің жұмыс сапасы мен күрделілігін атап өтті.

– SHYMKENT USTA FEST алғаш рет өтті. Біз тәжірибе жинақтау үшін бардық. Мысалы, онда 150-ден астам бүкіл әлем бойынша шетелдік фестивальдерге қатысқан қатысушы болды. Олардан бізге кеңес беріп, жұмысты бағалауын сұрадық. Бірнеше ескерту жасап, әдістемемізді қалай жақсартуға болатынын айтты, – деп атап өтті Еркін Темірғалиев.

Фестиваль қатысушыларына дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

*Сурет облыс әкімдігі сайтынан*

## • ДЗЮДО

## Мықтыларды мойындатты

Орал каласында парадзюдодан жастар арасында Қазақстан Республикасының біріншілігі өтті. Долада Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылдық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қос шәкірті топ жарды. Олар – Досжан Марат пен Әділет Аманаев.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Досжан Марат 66 келі салмақ дәрежесінде қарсылас шақ келтірмей, алтын медальді қанжығалады. Ал, Әділет Аманаев 50 келі салмақ дәрежесінде атой салып, чемпион болды. Спортшыларды жоғары деңгейдегі жарысқа баптаған – Қанат Амантайұлы.

– Бұл жарысқа тыңғылықты дайындалдық. Әдіс-тәсілдерді пысықтадық. Мұндай спортта физикалық дайындық өте маңызды. Шәкірттерім жоғары деңгейде өнер көрсетті. Республикалық деңгейдегі додаға осал спортшы келмейді. Әр аймақтан іріктелген мықтылар ғана белдеседі. Бұл жарысқа кілең мықтылар келіпті. Досжан Марат пен Әділет Аманаев ойдағыдай белдесті. Бұл жарыстан тәжірибелерін арттырды. Келешекте екеуі осы қарқындыраңнан танбаса, бұдан да



үлкен жетістіктерге жетеді деп ойлаймын, – деді Қанат Амантайұлы.

Республикалық деңгейдегі жарысқа еліміздің түпкір-түпкірінен 300-ге жуық спортшы қатысыпты. Жалпы, бұл додаға

Шет ауданынан Досжан Марат пен Әділет Аманаев қана барыпты. Екеуі де жеңіс тұғырынан көрініп отыр.

*Сурет Шет ауданының спорт бөлімінен*

## • ХОККЕЙ

## Негізгі ойыншылар қатарда

«Сарыарқа» клубының басшылығы команда сапындағы ойыншылармен әлі де келісімшарт мерзімін ұзартуда. Бұл жолы команданың негізгі ойыншыларымен келісімге келіп, бір жылдық шарт жасасты.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Команданың белді ойыншысы Егор Кузьменконы жанкүйерлер жақсы біледі. Өткен маусымда керемет ойынымен есте қалған. Жалпы, маусым бойы мұз айдынында 45 ойын өткізіп, 7 шайба салған. Әрі 18 голдық пас берген. Шабуылға ширақ жас ойыншыға клуб басшылығы тағы бір жылдық келісімшарт ұсынып, алып қалуды жөн көріпті. Негізі, ресейлік ойыншы биыл үшінші жыл қатарынан «Сарыарқа» жейдесінде өнер көрсетпек.

Қорғаушы Егор Наместниковтің есімін естісе, қарсылас команда шабуылшылары секем алатыны сөзсіз. Командасын талай қауіпті сәттен сақтаған қорғаушы биыл да мұз айдынына «Сарыарқа» жейдесінде өнер көрсетпек.



Былыр қорғаушы ретінде айдында 50 ойын өткізіпті. Сөйте тұра, 3 шайба салып үлгерген. Әрі 11 голдық пас та шығарыпты. Бұл ойыншы биыл осы клубтың жейдесінде үшінші жыл қатар өнер көрсетеді. Әлбетте, мұндай қорғаушымен келісімшарт мерзімін ұзартқаны тек команда үшін ғана емес, күллі жанкүйер үшін де керемет жаңалық.

Шабуылшы Константин Пальмтаг сынды жас ойыншының да есімі жанкүйерлерге жақсы таныс. Жас та болса, сауатты әрі шапшаң қимылымен көзге түсіп жүрген ойыншыдан клуб басшылығы зор үміт күтеді. Былыр мұз айдынына 33

мәрте шығыпты. 2 шайба салып, 1 голдық пас берген. Десе де, жасына сай тәжірибесі мол ойыншыға жаңа маусымда үміт артып отыр.

Клуб басшылығы жаңа маусымдағы команданың шабуыл шебін, қорғанысын да мықтады. Одан бөлек, қақпашыны да ұмытпаған екен. Жалпы, командада төрт қақпашы бар десек, оның екеуі кезек тұрады-мыс. Бірақ, команданың негізгі қақпашысы ретінде жанкүйерлер Данил Калочниковты жақсы біледі. Былыр жас қақпашы, осы клубтың мектебінен шыққан Дмитрий Пахоленконы қатарға қосқан болатын. Әрі алты ойынға шығып, өнерін тамашалапты. Дегенмен, нәтиже жаман емес. Деректерге сүйенсек, алаңға шыққан минуттарында өз қақпасына бағытталған барлық шайбаның 92,1%-ын қайтарған. Ал, бұл дегеніңіз жаман көрсеткіш емес. Егер, ең жоғары деңгейлі қақпашылардың сейв пайызы көбіне 90% немесе одан жоғары есептеледі дегенге сүйенсек, деңгейін бағамдай беріңіз. Жаңа маусымда клуб басшылығы жас ойыншыға тағы бір мүмкіндік беріп көрмек...

*Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан*

## • ФУТБОЛ

## Өз алаңында ойсырата жеңді

Қарағандылық «Шахтер» өз алаңында шымкенттік «Оңтүстік Академия» клубын қабылдап, 4:1 есебімен жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алаң иелері әдеттегідей алғашқы минуттан-ақ басымдыққа ие болды. Әуелі қарсыластарының шабуылына тосқауыл қойып, қорғаныста сауатты ойнады. Сондай бір шабуыл барысында «Шахтер» қорғаушылары қақпаға бағытталған допты жолдан тосып, алдыңғы шепте жүрген әріптестеріне асырады. Осы тұста допқа бірінші жеткен шабуылшы Диас Қалыбаев қарсылас қақпашысымен бетпе-бет келіп, допты әуелете қақпаға бағыттайды. Ал, қақпашы Ерсултан Смайлов ешқандай кедергі келтіре алмады. Осылайша ойынның 15-ші минутында алаң иелері алға шықты.

Бұдан кейін араға бірнеше минут салып Диас тағы бір мәрте қарсылас қақпасына допты тоғытады. Бірақ, алаңның жиегіндегі төрешілер шабуылшыны «Ойыннан тыс қалдың» деп салынған допты



есепке алмайды. Бұдан кейін ойын шиеленісе түсті. Ойын ережесі бұзылып, төреші ысқырығы жиі естілді. Алаң иелері сапынан жартылай қорғаушы Рафаил Оспанов – 20-шы, қарсыластар сапынан Әли Турганов – 32-ші минутта «Сары қағаз» алды. Бұнымен қоймай, «Шахтер» сапынан шабуылшы Диас Қалыбаев пен Сұлтан Шымырханға да төрешілер «Сары қағаз» көрсетеді. Бірінші тайм осымен аяқталды.

Екінші айналымда жерлестер ойынды бірден ойыншы ауыстырумен бастады. Алаңда жүрген команда капитаны Айдоос Тәттібаевтың орнына тыңнан Максим Комиковты шығарып, шабуыл шебін күшейтеді. Осылайша жерлестер шабуылын қайта жалғап, басымдықты өздеріне алады.

50-ші минутта «Шахтер» бұрыштама добын орындады. Бұрыштамадан допты ойынға қосқан Юрий Персх, оң қапталдан алаң ортасына түсіп келе жатқан әріптесі Максим Галкинге допты асырады. Осы тұста қарсылас команда қорғаушылары шабуылшыны жауып үлгермеді. Қақпа бұрышына бағытталған жойқын соққыны да қақпашы қайтара алмады. Осылайша Максимнің жойқын соққысы есепті еселеп кетті. Таблодағы көрсеткіш – 2:0.

68-ші минутта қарсыластар сапынан Жавланбек Бабаназаров ойын ережесін өрескел бұзып, «Қызыл қағазбен» алаңнан қуылады. Бұдан кейін жерлестер де қарсыластарын бастырмалапты. 71-ші минутта Арман Нүсіп, 79-шы Максим Галкин екінші голын салып, есепті 4:0-ге жеткізді. Ал, шымкенттік клуб төрт голға тек бір ғана голмен жауап қайтара алды. Ойынның негізгі бөлігіне қосымша үш минут қосылған шақта шабуыл ұйымдастырып, есеп ашты. Сол қапталдан асырылған допты жартылай қорғаушы Бексұлтан Амангелді қақпаға дөп бағыттап, жалғыз голдың авторы атанды.

Бірінші Лиға ойындарының 11 туры аяқталғанымен, бәсеке әлі жалғасуда. Әзірге көш басында ақтаулық «Каспий» қарағандылық «Шахтерден» төрт гол айырмашылығымен көш басында. Ал, жерлестер 26 ұпаймен II орында тұр. Үздік үштікті павлодарлық «Ертіс» түйіндеген. Екінші сатыдағысымен, яғни, жерлестерден бар болғаны екі ұпайға ғана қалып келеді. Егер олар бір ойыннан ұпай жоғалтса, Премьер-Лига жолдамасынан қағылдық дей беріңіз...

*Сурет клубтың баспасөз қызметінен*

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>ORTALYQ QAZAQSTAN</b></p> <p>Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Құрылтайшысы: облыс әкімдігі</p> <p><b>МЕНШІК ИЕСІ:</b> «Saryarqa Aqparat» ЖШС</p> <p>Директор<br/><b>Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА</b></p> <p>Директордың орынбасары<br/><b>Оксана Вячеславовна МЯГКИХ</b></p> <p>Директордың орынбасары<br/><b>Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА</b></p> <p>Бас редактор<br/><b>Е.К. МҰСАБЕК</b></p> <p>Бас редактордың орынбасары<br/><b>Қ.А. АЙТЖАН</b></p> <p>Сайт редакторы<br/><b>І.Д. МҰҚАЙ</b></p> <p>Жауапты хатшы<br/><b>С.Б. ПЛИЯШ</b></p> |  | <p><b>Телефондар:</b><br/>Бас редактор: 43-38-53<br/>Бас редактордың орынбасары: 43-58-08<br/>Интернет-редакция редакторы: 43-38-33<br/>Жауапты хатшы: 43-49-72<br/>Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;</p> <p><b>Меншікті тілшілер:</b><br/>Ақтоғай, Шет, Балқаш,<br/>Приозерск: 8-702-293-13-70<br/>Қарқаралы, Нұра,<br/>Осакаров: 8-702-216-73-50<br/>Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,<br/>Бұқар жырау: 8-775-189-33-19</p> |  | <p>● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.<br/>● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.<br/>● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.<br/>● Материалдың жариялану ақысы төленген</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.</p> <p>Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.</p> <p><b>Мекенжайымыз:</b> 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.</p> <p><b>Электрондық пошта:</b> ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru<br/>Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru</p> |  | <p>«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ<br/>Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131,<br/>БИК KСJBKZKX БИН 000840001412</p> <p>Тарапымыз 3 498</p> <p>№70 тапсырыс. Индекс 65484<br/>Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.</p> <p><b>Бағасы келісім бойынша</b><br/>«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.<br/><b>Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.</b><br/>Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.<br/>Кезекші редактор <b>Ерік НАРЫН</b></p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|